

**«№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МҚҚ сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстардың орындалуы жайында өткізілген жиналыс
ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

15 тамыз 2024 жыл

Баяндамашы: У.Б.Аманкулова

Катыскандар: Кәсіпорын қызметкерлері (әкімшілік корпус, медициналық жоғары, орта буын қызметкерлері)

Күн тәртібінде:

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мәселесін қарau;

Кәсіпорынның комплаенс-офицері У.Б.Аманкулова күн тәртібіндегі ішкі талдау жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін атап өтті:

1. Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған;
2. Жұмысқа қабылдау процесі электронды жүйеге толық ауыстырылмаған, яғни жұмыс беруші мен қызметкер арасында тікелей «қарым-қатынас» арқылы жүзеге асырылады, сәйкесінше сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады;
3. Мекеменің 01.11.2023 жылғы № 652 бұйрығында негіздемеге «Мәнсап» орталығының жолдамасы көрсетілмеген;
4. Кәсіпорынға жұмысқа қабылдау жөнінде кейбір бұйрықтарды «Мәнсап» орталығының жолдамалары және үміткерлердің Jumys SmartNation порталы арқылы өткен хаттамалар көрсетілмеген;

Жиналыс төрайымы Э.А.Кожахметова жиналыс барысында анықталған кемшіліктер бойынша мамандарды мекеме қызметкерлерін бұйрықтармен толық таныстыруды, жұмысқа қабылдау процесі электрондық жүйеге толық ауыстыруды, бұйрықтарда негіздемеге «Мәнсап» орталығының жолдамасы көрсетуді, кәсіпорынға жұмысқа қабылдау жөнінде бұйрықтарға «Мәнсап» орталығының жолдамалары және үміткерлердің Jumys SmartNation порталы арқылы өткен хаттамаларды көрсетуді қатаң бақылауға алуды тапсырды. Сонымен қатар, күн тәртібіндегі талқыланған мәселе өзекті екендігін айтЫП, Заннама талаптарын сақтауды қатаң ескертті.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылап, ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша атап қемшіліктерді алдағы уақытта болдырмау мақсатында шаралар қабылдансын;

2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің талаптарын сақталуына тұрақты түрде бақылау, қызметкерлерге аталған Заң бойынша тұрақты құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу зангер У.Б.Аманкуловаға тапсырылсын.

Төрағалық етуші

Э.А.Кожахметова

Жиналыс хатшысы

У.А.Аманкулова